



«Бекітемін»
Оскемен қаласы әкімдігінің
КММ директоры

К.Ф.Кикбаев

Оскемен қаласы әкімдігінің «№19 ҚББ МО» КММ сыбайлас жемқорлық қауіпіне ішкі талдау жұмыстарының нәтижесі бойынша аналитикалық анықтама

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті өткізу ережесінің негізінде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік істер және жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша агенттігі төрағасының 2016 жылдың 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылдың 21 қарашада №14441 нөмірімен тіркеліп, 2016 жылдың маусымнан қыркүйекке дейін жұмыс тобымен сыбайлас жемқорлық қауіпіне ішкі талдау жұмысы жүргізілді.

Оскемен қаласы әкімдігінің «№19 ҚББ МО» КММ регламентте және стандарттарда бекітілген барлық бизнес-процесстерді сақтау арқылы жеке тұлғаларға 6 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетіледі. 2016 жылдың маусымынан желтоқсанына дейін осы 6 түрлі мемлекеттік қызмет бойынша 301 қызмет көрсетілді.

2016-2017 оқу жылында көрсетілген мемлекеттік қызмет түрінің саны 292 құрайды, (былтырғы жылмен салыстырғанда 56 % төмендеген). 2015-2016 оқу жылында көрсетілген мемлекеттік қызметтің саны 514.

Мемлекеттік қызмет көрсету барысында мерзімдері бұзылған жоқ. Сондай-ақ қызмет алушылар тарапынан мектеп қызметкерлеріне көрсеткен қызмет және мерзім мен сапасы үшін шағым түскен жоқ.

Қызмет көрсетушінің мемлекеттік қызметтің ережесі стандартқа нақты сәйкес келеді.

Мектепте мемлекеттік қызмет көрсету барысында қосымша құжаттарды талап ету фактілері болған жоқ.

Қызмет алушылармен нақат құжаттарының мазмұны сәйкес келмеген жағдайда, Стандартта қызмет көрсетуші тоқтату негізі қарастырылады. Мемлекеттік қызметтің мерзімін ұзарту нормала қарастырылмаған.

Мемлекеттік қызметті кеңсе арқылы көрсету барысында қызмет көрсетушінің тікелей байланыс орыны бар. Мектепте мемлекеттік қызмет туралы ақпарат ғимараттың кіре берісінде екі тілде ілінген.

Қызметкерлерді басқару штаттық кесте бойынша қызметкерлер саны 106, нақты 106.

Оскемен қаласы әкімдігінің «№19 ҚББ МО» КММ рұқсат және бақылау міндеттері жоқ.

Штат саны 106, нақты 106, бос орын жоқ. Көрсетілген уақыт аралығында өз еркімен 20 қызметкер жұмыстан босатылды. Жағымсыз себеппен жұмыстан босатылған және лауазымда төмендеген қызметкерлер жоқ. Дау, жанжал фактілері жоқ. Оскемен қаласы әкімдігінің «№19 ҚББ МО» КММ қызметкерлері атқаратын қызметтерінің біліктілік талабына сай. Қызметтік тергеу жұмыстары жүргізілген жоқ. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру, оқу курстарын өту тәртібі мен мерзімдері қадағаланып, сақталады. Ағымдағы жыл ішінде еңбек тәртібін және тәртіп бұзушылық фактілері орыналанған жоқ. Жұмысқа қабылданған қызметкерлер бұрын сыбайлас жемқорлық құқығын бұзған қылмыстық жазаға тартылған тұлғалар талдау мерзімі аралығында анықталған жоқ.

Қажет болған жағдайда қызметкерлердің қызметін талдау бойынша жүргізілген жасырын сауалнаманың нәтижесі ескеріледі.

Оскемен қаласы әкімдігінің «№19 КББ МО КММ» жемқорлық қауіпі бойынша ішкі талдау нәтижесінің талаптарына сәйкес Білім беру бөлімінің интернет-ресурсында жарияланатын болады.

Жұмыс тобының төрағасы:



К.Ф.Кикбаев

Жұмыс тобының мүшелері:



А.О.Турдыбекова



Г.А.Сапашева